

«8D02204-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Құрманбек Ақайдар Анарғалиұлының «XIX-XX ғасырлардағы мұсылман ойшылдарының сопылық дүниетанымы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен 4. Елдің зияаткерлік әлеуеті 2.Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы зерттеулер 2.1.Жаңа гуманитарлық білім. Философиялық және дінтану зерттеулер бағытына сәйкес келеді. 1«8D02204-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы. Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысының тақырыбы өзектілігі жағынан және оны осы бағытта өрбіту тұрғысынан ғылымға қосар үлесінің бар екені айқын. Ізденістің тақырыбы, жоспар-құрылымы, мазмұны, ғылымилыққа бағдарланған деңгейі мен теориялық маңыздылығын арттыра түссе осындай түйінге негіз бола алады. Қол жеткізген ғылыми нәтижелер мен қорытынды тұжырымдар белгілі бір деңгейдегі өзектілігі,
----	------------------------	---	--

			нақтылыққа, шынайылыққа, байыптылыққа, тиянақтылыққа ұмтылысымен дәйектелген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Ізденушінің қорғауға ұсынылған диссертация жұмысының қолжазбасы және зерттеу мақалаларынан жазу деңгейінің ғылыми өлшемге талпынысы мен өзіндік баяндау стилін, яғни, қолтаңбасын қалыптастыруды бағдарлаған жұмыс екені анық байқалады. Сөз саптауы, толғамдары, түйін-тұжырымдарындағы белгілі бір деңгейдегі өзіндік сипаты мен жалғастығы бұған белгілі бір деңгейде негіз бола алады. Ал ғылыми стилі ізденушінің маманданған саласындағы категориялық аппарат пен негізгі ұғым-түсініктерді мүмкіндігінше жақсы меңгеруге, сындарлы ой қорытуға деген ұмтылыс жобасынан хабар береді. Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен зерттеулерін саралап, талдау жасап, зерттеу нысаны аясында ой елегінен өткізіп, қисынды тұжырымдарға дәйек етіп, оларды өз шама-шарқынша дәлелдей алу жобасы да осыны көрсетеді.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Жұмыстан автордың диссертациялық зерттеудің өзектілігін егжей-тегжейлі және жан-жақты, кешенді түрде негізделу форматында беруге тырыскандығы байқалады. Қазақстанның исламтанулық ғылымы аясында сопылық дүниетаным мәселесін тарихи және исламтанулық әдістер арқылы арнайы әрі кешенді түрде жасалған зерттеулер арнасына сабақтастас болу қадамының өзі диссертация өзектілігінің басты негіздемесі және тақырыптың отандық ғылымның теориялық және қоғам өміріндегі сұраныстарға жауап беретін, күн тәртібіндегі практикалық мәселе екенін тағы бір мәрте айғақтайды. Еліміздегі діни ахуал мен оның
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			қоғамдастыққа әсері, заманауи қоғамның дамуындағы діни фактор, азаматтық және діни-конфессиялық дүниетаным мәселелері мен арақатынасы сопылық ілімді ұғынудың, түп-төркінін түсінудің мәнін ашудың, мағынасын анықтаудың қажеттігін көрсетіп отыр, осы тұрғыдан алғанда зерттеу нысанының өзектілігі, мақсат-міндеттерінің айқындығы күмән туғызбайды.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:		Сопылық дүниетанымды зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері, сопылық ілімі және оның тарихи эволюциясы, қазіргі сопылық дүниетаным және оның трансформациясы тақырыбындағы үш тарау диссертация мазмұнын айқындайды және өзара байланыстылығы, сабақтастығы, қисынды реттілігімен докторлық диссертация деңгейіндегі біртұтастықты құрайды. Аталған жайт ізденістегі негізгі өзекті ойды тарқатуға, байыптауға, соны әрі салмақты ғылыми нәтижелерге келуге мүмкіндік беретіндігі анық.
	1) айқындайды;		
	2) ішінара айқындайды;		
	3) айқындамайды.		
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:		Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сай орайластыру бағытын нысанаға алған. Ізденуші мақсатқа жету үшін келесідегідей міндеттерді алға қойған: – Сопылық дүниетанымның негізгі категориялық-ұғымдық аппаратын байыптау; – XIX-XX ғасырлардағы сопылық дүниетанымды зерттеудің тарихи-философиялық хронологиясын көрсету; – Сопылық дүниетанымның онтологиялық негіздерін философиялық тұрғыдан зерделеу; – Сопылық дүниетанымның гносеологиялық ерекшеліктерін пайымдау;
	1) сәйкес келеді;		
	2) ішінара сәйкес келеді;		
	3) сәйкес келмейді.		

			– Сопылық дүниетанымның аксиологиялық бағдарын түсіндіру; – Қожа Ахмет Ясауи мұрасының сопылық дүниетанымдағы орнын айқындау; – XIX-XX ғасырлардағы сопылық дүниетанымның мәдени-әлеуметтік трансформациясын талдау; – Сопылық дүниетанымды зерттеудің методологиялық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде көрсету; – Сопылық дүниетаным мен қазіргі заманғы рухани-адамгершілік ізденістер арасындағы сабақтастықты анықтау. Қойылған міндеттер диссертация тақырыбын ашудағы автордың өзіндік көзқарасы мен ұстанымын көрсетеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертация жұмысында ғылыми методологиялық принциптердің тұтастығын сақтауға деген ізденіс көрініс тапқан. Диссертация жұмысының мазмұнына орай автор барлық бөлімдері мен логикалық құрылымын нақты келтіру жолында дәйектеуге тырысқан. Барлық қағида мен ғылыми нәтиженің өзара сабақтастықта логикалық тұрғыда негізделуіне көңіл бөлінген. Диссертация жұмысы кіріспеден, жеті бөлімшеге бөлінген үш тараудан, қорытындыдан дереккөздерден тұрады және олар арнайы талаптарға сәйкес негізделуіне мән берілген. Диссертацияның жоспарының тақырыптың мәні мен мазмұнын ашып, әрбір тұжырымның бір-бірімен байланысына негіз болуына талпыныс жасалған. Жұмыстың ғылыми нәтижелерінің өзегі ретіндегі зерттеу нысаны автор ұстанымы мен зерттеу призмасынан жан-жақты талдануға бағыт алған. Жоспар да ғылыми ізденіс нысанына сәйкес құрылуды мүмкіндігінше бағдарға
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

			алған. Жұмыстың ғылыми нәтижелерінің өзегі - XIX және XX ғасырлардағы мұсылман ойшылдарының сопылық дүниетанымына исламтанулық талдау жасалу жолында ізденіс жасалған. Жоспар ғылыми ізденіс нысанына сәйкес құрылуға бағдарланып, жүйелі пайымдалуға және диссертация мәтінінде айқын сипатқа ие болуға қарай жүргізілген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Жұмыс ұсынған түйін-шешімдер дәйектеліп, оған дейінгі белгілі шешімдермен салыстырмалы түрде талданып, ізденушінің өзіндік ізденіс аясындағы тұжырымдары нақтыланып көрсетілу мақсатымен байыпталған. Іргелі зерттеулердегі ойтолғамдар ізденушінің ой-елегінен, өзіндік көзқарас сүзгісінен белгілі бір дәрежеде өткізіліп отырған. Аталған зерттеу жұмысы сопылық дүниетаным болмысын ғылыми тұрғыда тұжырымдауға бағыт алған пікір жүйесімен, эволюциясы, трансформациясы мәселелерін бағамдаған тұжырымдарымен осы аядағы тақырыптың отандық ғылымның теориялық және тәжірибелік маңызы қандай екенін көрсеткен.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертация жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әрбір қорытынды маңызды талдауларға негізделген. Ізденушінің дәйектелген әрі тұжырымдалған қорытындысының деңгейі жақсы және мүмкіндігінше байыпты негізделген. Ғылыми қорытындының өлшемдері диссертацияның негізгі қағидалары мен жаңалықтарына жауап беру бағытын көздейді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертация жұмысының тақырыбы, зерттеу нысаны әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Дегенмен техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы болмағанымен ізденушінің ғылыми нәтижелерін, қорытындыларын еліміздегі қазіргі діни ахуал және діни қауіпсіздік мәселелерінің үйлесімді шешімін табуға, осы бағыттағы басқару шешімдеріне қатысты, сонымен бірге ұлттық мүддеге қайшы келетін деструктивті діни ағымдардың ұстанымдарын дәл анықтап, сырттан ағылған сенімдер мен жергілікті рухани дәстүрлер қақтығысының күшеюіне жол бермеу тұрғысындағы шешімдердің ғылыми арқауын нығайта түсуде қолдану арнасындағы ізденіс деуге болады. Осы ретте ізденушінің ұсынған шешімдері ішінара жаңа және олар ізденістің өне бойындағы теориялық талдаулар мен дәйекті тұжырымдар арқылы негізделуге бет алған талпынысымен бағаланады. Зерттеу жұмысында сопылық дүниетанымның табиғаты мен олардың қазіргі қоғамдағы орнының мәдени-философиялық, антропологиялық, исламтанулық тұрғыда бағамдалуы отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың теориялық және тәжірибелік маңызына өзіндік үлес қосу бағытында екенін көрсетеді және осы арнадағы зерттеулерге үндес деуге болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Ізденушінің ғылыми нәтижелері мен қорытындыларын, жетілдірілген жағдайда еліміздегі исламтану және дінтану саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне, рухани саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық ретінде қолданылатын материалдар шеңберінде көруге болады. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер - дінтану, исламтану қатысты әртүрлі зерттеулерде ғылыми білім ресурсы ретінде қажеттігі жұмыстың қолданбалы маңызы бар екенін көрсетеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар;	7.1 Негізгі қағидаттар дәлелденген. Ізденіс ауқымында автор тарапынан 7 қағидат айқындалған және олар зерттеудің нәтижесімен бірлікте тұтасқан. 7.2 Әр қағидат тривиалды емес саналады. Автор қағидаттарды жан-жақты қырынан дәйектеуге тырысқан. 7.3 Ішінара жаңа. Отандық дінтану саласындағы зерттеулерде аталған ізденісте зерттеу нысанына алынған, талданған мәселелер белгілі бір деңгейде қарастырылған. Сондықтан да нәтижелері ішінара жаңалығымен ерекшеленеді. 7.4 Қолдану деңгейі тақырыптың өзектілігі мен руханилығымыздағы орны мен күн тәртібінен түспейтін мазмұнымен анықталады. Ғылыми нәтижелерді жетілдіріп, әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында, осы бағыттағы пәндер аясында және құзырлы органдардың қызметі ауқымында пайдалануға болады. 7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 4 ғылыми мақалада жарияланған. Оның екеуі нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда, екеуі Қазақстан Республикасы ҒЖБМ

		2) орташа;	Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарық көрген. Жарияланған мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына сай келеді.
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Ізденістің методологиясы нақты, дәлелді, дәйекті, іргелі мақсатты көздейді. Ізденуші көтерген тақырыпты ашуда жүйелік, компаративистік талдау, ретроспективті және т.б. әдістерді пайдаланып, белгілі бір ғылыми жаңалықтарға қол жеткізуге талпынған деуге негіз бар екенін атап көрсетуге болады.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелерінің компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғаны анық аңғарылады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Ізденушінің XIX-XX ғасырлардағы мұсылман ойшылдарының сопылық дүниетанымын зерттеу нысанына айналдыру арқылы тарихи танымдық аспектісімен қоса, қазіргі замандағы дін болмысын зерттеу мен танудың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі екенін дәлелдеуге және ұлтымыздың діни сеніміндегі сопылық дүниетанымдық жүйені рухани тамырларымызды, әрқилы кезеңдердегі бітім-
		1) ия;	

		2) жоқ.	болмысымызды, әлеуметтік тәжірибемізді тануымызда дәстүрлі діни танымымызбен тығыз байланыстылығын, оның өз орнын алуға тиістілігін, бүгінімізді де, келешегімізді де баянды етудің негізі екенін пайымдауға ұмтылысын бағалауға, атап өтуге болады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Ізденуші зерттеуінде тақырыптың түрлі қырларын пайымдаған отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін, эмпирикалық дереккөз мәліметтерін зерделеу, талдау негізінде осы аяда қалыптасқан мәлімдемелерді толықтырып, сондай-ақ ішінара расталған мәлімдемелерге қол жеткізген. Бұл ізденістің әр тарауындағы іргелі ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелерден айқынырақ аңғарылады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Қолданылған дереккөздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Ізденуші жұмысты әзірлеу барысында мүмкіндігінше зерттеу нысанына алынған тақырып аясындағы зерттеулерді қамти алған. Пайдаланылған әдебиеттер бөлігінде көрсетілген 192 дереккөз ішіндегі еңбектер мен тақырып бағытындағы ізденістер іргелілігі мен негізділігімен назар аудартады. Дегенмен автордың бірнеше тілдегі әдебиеттерді қолдану аясы сапасы жағынан кең әрі маңыздылығы байыпты болғаны дұрыс болар еді деп есептейміз.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Зерттеудің теориялық құндылығы күннен-күнге сенім, таным-талғамның белгілі бір қалыптарға түсуі мен түсіруге ұмтылыстың күшеюімен сабақтасқан жаһандану кезеңіндегі рухани ізденістер мен толғаныстардың ұлғайған ахуалындағы исламтанулық зерттеулерге деген қажеттіліктің артуымен, діни білімдерге деген сұраныстың өсуімен
		1) ия;	
		2) жоқ.	

			және осы үдерістерге байыпты ғылыми тұжырымдар мен шешімдер ұсыну талпынысымен айқындалған, сонымен бірге зерттеу мазмұнында зерделенген дәстүрлі діни-наным сенімдеріміздегі сопылық дүниетанымның ішкі мәнін тану, шынайы рухани болмысын ғылыми деңгейде пайымдауға деген ізденісінде анықталған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертация жұмысының нәтижелері исламтанулық бағыттағы зерттеулер арнасында болуымен бірге, еліміздегі азаматтық қоғамның рухани негіздерін, діни конфессиялардың толеранттылығы мен диалогын қалыптастыруға да өз үлесін қосу бағытында көрініс тапқан. Сонымен бірге зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы «Исламтану», «Тарих» білім беру бағдарламаларында білім алатын білімгерлерге қосымша теориялық, практикалық құрал ретінде ұсынуға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Осы тұрғыдағы жұмыстың жаңалығы мен құндылығын отандық исламтану ғылымы саласындағы қазақ тілінде жазылған ғылыми зерттеу екені де толықтыра түседі. Осы себепті де бұл бағыттағы теориялық және практикалық базаға қосылуы, алдағы зерттеулер мен ізденістермен арналас болатындығы тұжырымымыздың дәйектілігін бекіте түседі.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасын жақсы деп бағалауға болады. Сауатты ғылыми стилді бағдарға алуы, қисындылық, дәйектілік бағытындағы ой-тұжырымдар жасауға талпынысы ізденістің жақсы деңгейде жазылғанын, техникалық рәсімделуінің мүмкіндігінше барлығын, ғылыми
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

			жұмыстарға қойылатын талаптарға сай болуға келетіндігімен де анықталады.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Диссертация тақырыбы мен жоспары аясындағы өзіндік ұстанымды көрсете отырып, таңдалған тақырыптың тым жалпылығы мен кеңдігін атап өтеміз, бұл автордың діттеген мақсат-міндеттеріне жетуіне кедергі келтіріп тұрғаны жұмыс мазмұнынан анық көрінеді. 2. Диссертация мазмұнындағы осы зерттеу жүргізілген бағыттағы зерттеушілермен бірге, қызығатын оқырмандарға, талапкерлерге де түсінікті жайттардың баяндалуы да жұмыстың сонылығына селкеу түсіріп тұр. 3. Зерттеу жұмысындағы ізденушінің өзіндік баяндау стиліне деген талпынысын құптай отырып, ғылыми-концептуалдық тұрғыдағы олқылықтарға, стилистикалық қателіктерге, калькаға жол бергенін көрсетеміз. Дегенмен бұл пікірлер жұмыстың жетістігіне күмән туғызбайды.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		1. Pharos Journal of Theology ISSN 2414-3324 online Volume 109 Regular Issue - 2 (2025) 2. Adam alemi. - 2022. - No. 4 (94). -P. 159-169. 3. Pharos Journal of Theology ISSN 2414-3324 online Volume 104 Issue 5 - (2023) 4. Eurasian Journal of Religious Studies. - 2022. No3 (31). - P. 3-10.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)	«8D02204-Исламтану» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынуға болады.
-----	--	--

«8D02204-Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Құрманбек Ақайдар Анарғалиұлының «XIX-XX ғасырлардағы мұсылман ойшылдарының сопылық дүниетанымы» атты диссертация жұмысы өзекті тақырыбы, айқын мақсат-міндеттері, толымды ғылыми жаңалығы, маңызды теориялық іргетасы, дәйекті зерттеу нәтижелерімен ғылыми жұмыс талаптарына сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Құрманбек Ақайдар Анарғалиұлының 8D02204-Исламтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
дінтану кафедрасының меңгерушісі,
философия ғылымдарының кандидаты



Рыскиева

Рыскиева Айымжан Әбуқызы

